

«ASTANA JOBALARY» CENTER FOR ORGANIZATION OF
INTERNATIONAL AND REPUBLIC PROJECTS OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN




№ 1 (001) 03/2020

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

PREMIYUM PÁNDER PREMIUM SUBJECTS

INTERNATIONAL SCIENTIFIC-METHODICAL, PEDAGOGICAL JOURNAL



PHYSICS



CHEMISTRY



GENETICS



ASTRONOMY



LOGIC



THEOLOGY



PSYCHOLOGY



GEOGRAPHY



ARCHAEOLOGY



QUANTUM MECHANICS



ARTS




LINGUISTICS



BOTANY



GEOLOGY



MATHEMATICS



MEDICINE

NUR-SULTAN



Садирова Улжалгас Байдуллаевна

Шымкент қаласы
«Turan mektebi»
Бастауыш сынып мұғалімі

Үш тілді меңгеру – полимәдениетті тұлға қалыптастыру кепілі

Аннотация

Полимәдениетті білім беру – педагогикалық процесстің мазмұны мен ұйымдастыруды қамтитын, екі немесе одан да көп мәдениет көрсетілген, тілдік, этникалық, ұлттық және нәсілдік белгілерімен айрықшаланатын тәрбие. **Зерттеу мақсатымыз:** Үш тілді меңгерудің маңызын, болашақ ұрпаққа деген пайдасын ұғына отырып, тілдік саясат- мемлекетаралық, мәдениетаралық қатынас кепілі екенін түсіну.

Зерттеу міндеттері:

1. Үш тілді меңгерудің мәні мен мазмұнын ашу;
2. Үш тілді меңгеру – полимәдениетті тұлға қалыптастырудың ерекшеліктерін анықтау;
3. Үш тілді меңгерген, полимәдениетті тұлға қалыптастыруда тілдік бағдарлама ұйымдастыру, сыни тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану.

Annotation

Multicultural education is a type of education that includes the content and organization of the educational process, differing in two or more cultures, differing in language, ethnic, national and racial nature.

The purpose of the study: to understand the importance of mastering three languages and the benefits of future generations, to understand that language policy is the key to interstate and intercultural communication.

Research Objectives:

1. To reveal the essence and content of mastering a foreign language;
2. Knowledge of a foreign language - determining the characteristics of the formation of a multicultural personality;
3. Organization of a language program for the formation of a multicultural person speaking three languages, use of critical thinking technology in the formation of a multicultural personality.

Үш тілді меңгерудің мәні мен мазмұны

Тіл – ұлттың өзгеден бөлек даралығын анықтайтын белгісі. «Қай ұлт болсын тілі арқылы ғана халықтың өзге туыс және туыс емес халықтардан ерекше болмысы мен табиғи қалпын, өзіндік дәстүрін көрсете алады». «Тіл Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс. Бұл үшін тіл саясатын салауатты және дәйекті, қазақстандықтар сөйлесетін бірде-бір тілге қысым жасамай жүргізу керек. 2025 жылға қарай қазақстандықтардың 95 пайызы қазақ тілін білуге тиіс. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналды. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйымдастыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі», - деп тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында қазақ тілі мәселесін міндет ретінде қойып отырғанын байқаймыз. Полимәдениетті тұлға қалыптастыру барысында, үш тілдің мәнін білгеніміз абзал.

1. Мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі. Қазақ тілі еліміздің байлығы. сонымен қатар Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабында: Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды.

Бұл заң негізінде байқайтынымыз, мемлекеттік тіл мәртебесі қазақ тіліне берілгенімен, орыс тілі тең дәрежеде деп есептелді.

«Үштілділік» бағдарламасы негізінде қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілдерін меңгеру көзделуде. Үш тілді меңгеру барысында, үш тілдің гармониясы, яғни үш тілдің бірлесіп өмір сүруі пайда болады.

Үш тілдің – полимәдениетті тұлға қалыптастырудың ерекшеліктері

Полимәдениетті тұлға қалыптастыруда әр тілді меңгеру барысында өзіндік ерекшеліктері бар. Әр тілдің ерекшеліктері негізінде психолог ғалымдар өз ана тілінен басқа бір шет тілді меңгерген адамның келесі тілдерді меңгеруі әлдеқайда жеңіл болатынын дәлелдеген. «Қандай да болмасын бір өзге тілді білетін адамға екінші тілді меңгеру біріншіге қарағанда айтарлықтай жеңіл және тез болады. Себебі, бірінші өзге тілді меңгергенде, адамда ана тіліне қосымша үйренуші тіл сезімі қалыптасады, сонымен қатар, жалпы тіл ерекшеліктерін айыра білу қабілеті дамиды, осы қабілеттің арқасында адам тек қана үйренетін тілдің емес, жалпы тілдердің арасындағы ерекшеліктерді айыра алады». Ағылшын тілі мен орыс тілін меңгерген азамат шет елде білім алып, ел экономикасымен, саяси ахуалымен, салт-дәстүрімен, болмысымен таныса алады. Оны еліміздің түрлі салаларында қолданып, жетістіктерге қол жеткізе алады. Тілді білудің ерекшелігі де осы.

Қазіргі таңда әр тілдің өз ерекшелігі бар. сараланған, жалпы халықтық тілден ұлттық деңгейге көтеріліп, мәңгілік тілге айналады. Тағы қайталап айту керек, «Үш тұғырлы тіл» саясаты мемлекеттік тілді өшіруді емес, өсіруді, дамытуды көздейді.

Орыс тілін меңгеру біздің азаматтарымыз үшін шын мәнінде үлкен байлық, осы орайда бізде екі тілді ұрпақтың қалыптасуы көп ретте ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілік сапасын арттырады. Қостілділік дегеніміз - бұл тек екі тілде сөйлеу қабілеті ғана емес, сонымен бірге, бұл қос өркениеттің мәдени құндылықтарын сіңірген ерекше ойлау қабілеті болып табылады. Орыс тілі –біздің мәдениет байлығымыздың ажырамас бөлігі, әлемдік білімдердің қалың қатпарларын танудың, ұлтаралық қарым - қатынастың тілі. Оқушы өзін жан-жақты дамыған, шығармашылығы мол, өз бетінше іздене алатын тұлға ретінде көрсетуі тиіс. Сол себепті оқушы бірнеше тілді меңгеруге тиіс.

Бүгінгідей жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы алар орны да ерекше. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру — бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаратыны баршамызға аян. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір Қазақстандық үш тілді жетік меңгеруі керек. 2020 жылға дейін ағылшын тілін білетін тұрғындар саны біршама көбеюі керек» — деп айтқан еді. Мектеп табалдырығынан бастап жоғарғы оқу орындарында ағылшын тілін үйрету айрықша мәртебеге ие. Ағылшын тілінің Қазақстандағы рөлінің арта түсуі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асыру мәселесін маңызды ете түсуде. Тіл үйренудің ешқандай зияны жоқ, керісінше пайдасы ұшан-теңіз. Туған тілінді білуге тиісті емессің, міндеттісің дер едік. Ал басқа мемлекеттің алдында өз елінің дәрежесінің биік екенін мойындату үшін, жеті тілді жетік меңгеру артық етпейді. Елбасымыздың міндет етіп қойған бәсекеге қабілетті мемлекет құруда жас ұрпақтың тигізер үлесі зор. Бүгінгі таңда жоғарғы оқу орындарында шет тілін кәсіби деңгейде оқыту басты орында тұр.

«Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын іске асыру мақсатында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарына арналған ағылшын тіліндегі оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің сапасын арттыру және үш тілде оқытуды дамыту жөніндегі мәселелерді қарастыру қажет.

Әлем тілдерін грамматикалық жағынан қарастыра отырып, адам ойының процесінің өзін реттейтін логикалық заңдар барлық тілдер үшін бірдей, ал әрбір тіл үшін грамматиканың әртүрлі екеніне көз жеткіземіз. Бір тілде ыңғайлы, ұғынықты түсініктер екінші тіл үшін қолайсыз және басқа тіл үшін артық. Алайда, ағылшын тілі мен қазақ тілінің арасында салыстыру жүргізе отырып, олардың арасында кейбір грамматикалық ұқсастықтарды байқауға болады.

Әуелі фонетикаға назар аударайық. Дауысты дыбыстар бойынша ағылшын және қазақ тілдерінде бәлендей айырмашылық жоқ: қазақ тілінде олар 11, ал ағылшын тілінде (дифтонгтарды қоспағанда) 12 және олардың көпшілігі айтылуы бойынша да бірдей, бірақ артикуляцияда аздаған айырмашылықты көруге болады. Мысалы, қазақ тілінде жаңа сөздер мен сөздердің әртүрлі нысандары түбірге қосылу, яғни жұрнақтар мен жалғаулар арқылы жасалады.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың да саны бірдей деп айтуға болады: қазақ тілінде олар 25, ал ағылшын тілінде – 24. Дауысты дыбыстар бұл екі тілде де бірдей. Қазақ тіліндегі сияқты ағылшын тілінде дыбысты дұрыс айтпау сөздерің мағынасының өзгеруіне алып келеді. Бұл тілдер арасында сондай-ақ кейбір ерекшеліктер де бар. Орыс тіліндегі «род санаты» ағылшын тілінде әдетте тек жақты, өзіндік есімдікті және ерекшелік түрінде кейбір жануарлар мен заттарды білдіреді. Адамға қатысты зат есім («Who is this?») – «Бұл кім?» сұрағына жауап береді) орыс тіліндегідей «мужской род» (сәйкесінше «he, his – ол, оның» есімдігі) және «женский род» (сәйкесінше «she, her – ол, оның» есімдігі) түрінде болады. Ал қазақ тілінде «род санаты» деген ұғым жоқ, сондықтан сөйлемнің мағынасына байланысты сын есім, есімдік немесе сан есім ағылшын тіліне әртүрлі аударылуы мүмкін. «To be» етістігі ағылшын тілінде міндетті түрде қолданылады, ал қазақ тілінде ол жоқ.

Осыған орай ағылшын тілінің басты ерекшеліктері:

а) фонетика жүйесінде дыбыстарының көпшілігі біресе созылыққы, біресе қысқа айтылады. Осыған орай, Ағылшын тілінде сөз мағынасы бірсыдырғы өзгеріске түсуі мүмкін;

б) морфология саласындағы өзгешелік: сын есіммен сан есімнің барлық жалғаулары, яғни септіктері, сондай-ақ, зат есім мен етістік аффикстерінің көбі бұл күнде тарихи өзгерістерге түскен. Соған орай, Ағылшын тілінде сөз бен сөзді байланыстыратын предлогтар, артикльдер, сондай-ақ көмекші етістік сияқты жаңа тұлғалар, формалар (морфемалар) пайда болған. Ағылшын тілінің жазу ережелері мен сөздердің айтылуында айырмашылықтар бар. Орфографиялық ережелер бойынша бұрынғы және қазіргі ағылшын тіліндегі дыбыстардың өзгерістері жазуда қатаң сақталады. Осындай әр тіл ерекшелігі меңгеруде өзіндік оңай жақтарын көрсетеді.

Үш тілді меңгерген, полимәдениетті тұлға қалыптастырудағы тілдік бағдарлама

Бүгінгі таңда тіл саясатында атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Олардың ең негізгісі Қазақстан Республикасының тіл меңгеру, тілдерді дамытуға байланысты 2011 - 2020 жылдарға арналған бағдарламасы болып отыр.

Бағдарламаның мақсаты	Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты.
Міндеттері	Мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру және стандарттау; мемлекеттік тілді оқытудың инфрақұрылымын дамыту; мемлекеттік тілді оқыту процесін ынталандыру; мемлекеттік тілді қолданудың мәртебесін арттыру; мемлекеттік тілге сұранысты арттыру; қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелеу; тіл мәдениетін жетілдіру; коммуникативтік-тілдік кеңістіктегі орыс тілінің қызмет етуі; Қазақстандағы тілдік әралуандықты сақтау; ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып-үйрену

Осы тақырыпты таңдап, зерттеу барысында бізде үш тілді меңгертуге, меңгерте отырып полимәдениетті тұлға қалыптастыруға көмек ретінде, үш тілді соның ішінде толықтай ағылшын тілін меңгеруге мүмкіндік туғызатын «Тілашар» бағдарламасын жүзеге асырдық. «Тілашар» бағдарламасының негізгі мақсаты: тұлғаның бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетін дамыту. 2019 жылдың қыркүйек айында Ж.Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінде үштілді білім беруді жүзеге асыру бойынша жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобының жетекшісі апайымыз Айнаш Айбекқызы. Мүшелері екеуміз. Жұмыс тобының негізгі мақсаты – үштілді білім беруді жүзеге асыру, балаларды шет тілдерін соның ішінде ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру. Екеуміз өзімізге берілген негізгі тақырыптар бойынша видео түсірген болатынбыз. Және де арнайы инстаграм парақшасын ашып, оған барлық түсірген видеоларымызды, атқарған жұмыстарымызды енгізіп жүрміз. Бізге жазылған достарымыз тақырыптарды үйден көру арқылы, ағылшын тілін меңгере алады. Осындай бағдарлама арқылы біз тіл меңгерушіге көмек және оның бойында полимәдениеттілікті қалыптастырар едік.

Келесі жұмысымыз «Тілашар» бағдарламасы аясында біз сыныптастарымыз бен достарымыздың және өзіміздің тілімізді жаттықтыру үшін ағылшын жаңылтпаштарына арнадық. Әр аптаның сейсенбісінде сабақтан тыс ағылшын кабинетіне келіп, біздер түрлі жаңылтпаштар мен өлеңдерді жаттауды әдетке айналдырдық. Жаңылтпаш ол көп қиналатын әріптер мен сөздердің оқылуына көп оң нәтижесін берді.

Қорытынды

Осы тақырыпты зерттеу барысында, еліміздің жастары үш тілді меңгеріп қана қоймай, полимәдениетті тұлғалық талпынуы керектігіне көз жеткізе алдық. Зерттеу жүргізе отырып, осы мәселе бойынша өз үлесімізді қоса алдық деген үміттеміз. Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев 2006 жылғы Жолдауында Қазақстандықтардың жаңа ұрпағы кім дегенде үш тілді біліп, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде еркін сөйлеуі шарт екендігін, көптілділік біз үшін қалыпты жағдайға айналуы керектігін айтқан болатын. Яғни үштілді меңгеру-уақыт талабы. Уақыт талабын орындау біздің міндетіміз, уақыт талабына сай болу, ол тұлғалық даму. Қазіргі уақыт талабына сай тұлға-үштілді меңгерген, полимәдениетті болу қажет.

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың, яғни біздің халықаралық жобаларға қатысуымызды кеңейту, шет елдермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбиеленуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Ана тілі. – 2007. – № 7 (896). – 1, 7-10-Б.
2. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы//«Егемен Қазақстан» – 15 желтоқсан, 2012 ж.
3. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту Білім – Образование. – 2006, №2.
4. www.egemen.kz
5. Верещагина И.Н., Рогова Г.В. «Методика обучения английскому языку на начальном этапе в общеобразовательных учреждениях».
6. English. Play and Learn.№7\2006
7. Ж. Қалиев, В.С. Мальцев, З.Н. Очаковская. English – Ағылшын тілі. «Мектеп» баспасы, 1981 жыл.
8. «Чем успешнее станет страна, тем больше людей заговорит по-казахски». Мәдениет және ақпарат министрі Ермұхамет Ертісбаевтың интервьюі. «Бәйтерек» журналы.